

**Астана қаласы әкімдігінің**  
**«Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК**  
**Қамқоршылық кеңесі отырысының №1 хаттамасы**

**Күні: 1 тамыз 2023 жыл**

**Уақыты: сағат 18.00**

**Қатысқандар:**

1. Шаханов Қазыбек Берикович – Қамқоршылық кеңес төрағасы
2. Серик Алия Болатқызы – Қамқоршылық кеңес мүшесі
3. Саулебаева Эльмира Сисембина – Қамқоршылық кеңес мүшесі
4. Жунисбекова Самал Болатовна – Қамқоршылық кеңес мүшесі
5. Амираева Жадыра Бекбергеновна - әлеуметтік педагог
6. Бейсекова Толқын Батырбайқызы – хатшы

**Күн тәртібі:**

1. Жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына жалпыға міндетті оқу қорынан берілетін көмекке құжаттарды қабылдау, шешім шығару;
2. Жекелеген санаттың балаларына әлеуметтік көмек көрсету

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Амираева Жадыра Бекбергеновқызы сөз алып, АӘК (атаулы әлеуметтік көмек) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу материалдық көмек көрсетуге бөлінетін бюджет қаражаты:

3 тармақ

- 1) киім, аяқ киім, мектепке қажетті керек-жарақтарын сатып алуға;
- 1) киім, аяқ киім, мектепке қажетті керек-жарақтарын сатып алуға;
- 2) білім беру ұйымында болған кезеңде бір реттік тамақтандыруды ұйымдастыру;
- 3) қаржылық көмек көрсетуге;
- 4) мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға қатысуға;

5) жалпы білім беретін пәндер бойынша қосымша сабақтарды ұйымдастыруға бағытталады. Қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы Заңын негізге ала отырып, комиссия шешімі бойынша жаңа оқу жылына, бүгінгі күнге атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, бірақ отбасы табысы күн көріс деңгейіне жетпейтін отбасылар құжаттарын тексерген жағдайда, айналма парағымен салыстырып, табыс көзін көрсететін құжаттар қаралып, есептеледі. ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысының 3,5 тармағына өзгерістер енгізілді. Қағидалардың 1-тармағында көрсетілген санаттарға жатқызылған білім алушылар мен тәрбиеленушілерге киім, аяқ киім, мектеп керек-жарақтарын сатып алу үшін материалдық көмек ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың не кәмелеттік жасқа толған білім алушының өтінішіне сәйкес ақшалай нысанда жүзеге асырылады. Қаражаттың нысаналы пайдаланылуы олар сатып алынған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде білім беру ұйымына міндетті түрде растайтын төлем туралы түбіртектер, чектер өткізу міндеттеледі. жалпыға міндетті оқу қорынан берілетін көмекке атаулы әлеуметтік көмек алатын және әлеуметтік көмек алмайтын жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға «Астана қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау басқармасы» жүйесіндегі және egov.kz, «Жанұя» отбасының табысын есептеу құжаттарын қарастырып, құжаттарының дұрыстығына байланысты, мәліметтерге сүйене отырып, жалпыға міндетті оқу қорынан берілетін көмекке «Атаулы әлеуметтік көмек» алатын отбасынан 14 оқушы, қамқорлыққа алынған 2 оқушы. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан 3 бала. Ата-анасының «Астана қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау басқармасы» жүйесіндегі, egov.kz анықтамалары бар. Жалпыға міндетті оқу қорынан берілетін көмекке үміткер отбасы Мирзакулова Айнур Элесбекқызының – 4 баласы бар, олардың 3-уі мектепте оқиды. Бір баласы үйде Дауренбек Ален 18.02.2020 жылы туылған. Мекен-жайы: Сарайшық 5/1,456 пәтер. Балалардың әкесі Мирзакулов Даурбек Дауренбекович жұмысқа тұру үшін аштырыпты қарапайым жұмысшы ИП «Амир» тамақ жеткізуші. Алатын жалақысы 150 000 теңге, балаларға төленетін жәрдемақыны қосқанда 205 000 теңге. Оның 121 000 теңгесін пәтер арендасына төлейді. Бір бөлмелі 35 шаршы метр жалдамалы пәтер. Бұл отбасының әлеуметтік тұрмыс жағдайлары зерттеліп, зертеу актісі жасалды. Балалардың ата-анасы жұмысқа тұрамыз деп ИП ашқан. Оны жапсада АӘК ілінбеген. Комиссия мүшелерінен осы отбасына ҚР Үкіметінің 64-қаулысы негізінде аз қамтылған көмек алатын отбасы қатарына қосуларыңызды сұраймын.


Келесі сөз кезегін қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қ.Шаханов алды: Барлық тапсырылған отбасының құжаттары қаралып, қамқоршылық кеңесінің төрағасы ретінде ҚР Үкіметінің 64-қаулысы негізінде және «Астана

қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ Е-Халық, egov.kz, ақпараттық жүйесіндегі мәліметтер отбасының табысын есептеу құжаттарын қарастырып, әлеуметтік себептермен балалардың мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында ата-аналардың өтініштері, тапсырған құжаттарын қарастырып, көмек көрсетуге қосуларыңызға қарсылығым жоқ.

Келесі сөз кезегі Жунисбекова Самал Болатовна – қамқоршылық кеңесінің мүшесі жеке кәсіпкер Білім орталығының директорына сөз берілді: «Астана қаласының жұмыспен қамту, бар мәліметтерге, құжаттарға сүйене отырып, отбасының табысын есептеу ақпаратынан үміткер отбасы балаларына көмек көрсетуге қарсы емеспін.

### Шешімі:

1. Ата-аналар өтініштері, ҚР Үкіметінің 64-қаулысы негізінде «Астана қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау басқармасы» жүйесіндегі және egov.kz отбасының табысын есептеу құжаттарын қарастырып, құжаттарының дұрыстығына байланысты, төмендегі отбасылар «Аз қамтылған отбасы» ретінде тіркелсін.
2. Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан берілетін қаражатты оқушылардың құжаттарының дұрыстығына сәйкес жұмсалуды қадағалау әлеуметтік педагог Г. Станова және бас есепші М.Есетоваға жүктелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы  Қ.Шаханов

Хатшы 

Т.Бейсекова